"Студенттер үйінде" «Сапалы тамақтану пункттерін ұйымдастыру» бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру
(бұдан әрі – хабарландыру)

Конкурсты ұйымдастырушының атауы мен мекенжайы: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ, Алматы облысы Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А.

1. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және жобаны таныстыру мерзімі мен орны

1.1. Конкурсқа қатысуға өтінімді потенциалды жалға алушылар немесе олардың уәкілетті тұлғалары сенімхат негізінде жапсырылған конвертте 2021 жылдың 27 қыркүйегі, жергілікті уақытпен 18.00-ге дейін төмендегі мекенжай бойынша жібереді: Алматы облысы Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А. № 112 каб.

2. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны

2.1. Потенциалды жалға алушылардың конкурсқа қатысуға арналған өтінімдері бар конверттерді ашу 2021 жылдың «28» қыркүйегінде, жергілікті уақыт бойынша сағат «11.00», Алматы облысы Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А. № 113 каб. мекенжайында жүргізіледі.

2.2. Конкурс комиссиясының отырысы Алматы облысы Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А. № 113 каб. мекенжайында, 2021 жылдың «29» қыркүйегінде жергілікті уақыт бойынша сағат «11.00» өтеді

3. Жалға алу объектісі туралы ақпарат, орналасқан жері мен алаңы, қысқаша сипаттамасы

3.1. Асханаға арналған тұрғын емес үй-жай:

1) "Студенттер үйі", ауданы 139,26 ш. м., Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қаратал көшесі, 1А мекенжайы бойынша орналасқан, сыртқы клиенттер мен көше жағынан келушілерге арналған кіреберіс;

2) жазғы асханадан көше жағынан ұйымдастыру мүмкіндігі.

4. Мүліктік жалдау (жалға алу) мерзімі және жалдау ақысының мөлшері

4.1. Мүліктік жалдау (жалға алу) мерзімі: 1 жыл.

4.2. Барлық объектілер үшін жалпы жалға алу ақысы, ҚҚС-ты қоса есептегенде, айына кемінде 41 299,18 теңгені құрайды. Бұл ретте объектіні жалға алу мерзімі кезеңінде жалға алудың ең жоғары сомасы айына 90 000 теңгеден аспауы тиіс, есептік көрсеткіштер бойынша коммуналдық қызметтер (электр энергиясы, ыстық/суық су) арналған қосымша шығындар жалға алу ақысына кірмейді.

4.3. 15.06.2022 жылдан 01.09.2022 жылға дейінгі кезеңде Жалдаушы жалдау ақысынан босатылады. 15.06.2022 жылдан 01.09.2022 жылға дейін жазғы асхана ұйымдастырылған жағдайда Жалға алушы шартта көрсетілген мерзімде жалдау ақысын төлеуді жалғастырады.

5. Мүліктік жалдауға берілетін объектіге конкурс өткізу шарттары және таңдау критерийлері

5.1. Өтінімдерді ұсыну аяқталғаннан кейін белгіленген мерзімде комиссия потанциалды жалға алушылардың өтінімдері бар конверттерін ашып, ұсынылған және тиісті журналда

тіркелген өтінімдерді салыстырады.

5.2. Хабарландыруда белгіленген мерзімде объектінің потенциалды жалға алушылары объектінің техникалық сипаттамасына, ерекшелігіне сәйкес өз жобасын ұсынады. Бұдан кейін комиссия жеңімпазды, не үздік жобасы бар бірнеше үміткерді төмендегідей таңдау критерийлері бойынша айқындайды:

1) жалдау сомасы (ең жоғары жалдау сомасы берілген жағдайда).

2) Талыққорған қаласындағы қолданыстағы қоғамдық тамақтану орындарының болуы;

3) тағам калькуляциясы көрсетілген ас мәзірі, университет студенттері мен қызметкерлері үшін тағам бағасы; сырттан келушілер мен клиенттер үшін тағам бағасы.

4) тағам түрлері;

5) ыдыс-аяқтың болуы:

а) тәрелкелер – фарфор және / немесе керамика;

б) бокалдар, тостағандар - фарфор және / немесе керамика;

в) ас құралдары – тот баспайтын болат;

г) стақандар – шыны;

6) залды дайындау (дастарханның, қағаз майлықтардың, дәмдеуіштерге арналған жиынтықтың (қара бұрыш, қызыл бұрыш, тұз) болуы.

7) қосымша қызмет түрі (мысалы: фрэш аймағы, кофе аймағы және т. б.)

8) әлеуметтік блок. (Қайырымдылық, жалға берушінің келісімі бойынша университет студенттерін ішінара жұмыспен қамту).

1,2,5,6 өлшемшарттары бойынша комиссия мүшелері 1 (бір) балл береді. Осы тармақтың 3) және 8) тармақшаларында көзделген таңдау критерийлері 5 (бес) балдық бағалау бойынша бағаланады. Осы тармақтың 4) және 7) тармақшаларында көзделген таңдау критерийлері 3 (үш) балдық бағалау бойынша бағаланады.

Ең көп балл жинаған потенциалды жалға алушы жеңімпаз болып саналады. Техникалық ерекшеліктің талаптарына және конкурс өткізу туралы хабарландырудың таңдау критерийлеріне сәйкес келетін, не оданда асып түсетін "Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" КЕАҚ үшін жалдау шарттарымен келіскен потенциалды жалға алушының өтінімі комиссия шешімін қабылдау үшін негіз болып табылады.

5.3. Егер комиссия потенциалды жалға алушылар арасында балл саны тең бірнеше жеңімпазды анықтаған жағдайда, конкурстың жеңімпазын комиссия жасырын дауыс беру арқылы айқындайды.

5.4. Шартқа конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жалға беруші мен Жалға алушы қол қояды.

5.5. Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде объектіні жалға беруші Жалға алушы мен Жалға беруші қол қоятын қабылдау-беру актісі бойынша Жалға алушыға береді, одан кейін Жалға алушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмысқа кіріседі.

5.6. Конкурсқа қатысу үшін өтінім берген кезде жалға алушы берген қосымша мен басқа да талаптар одан әрі шарттың талаптарына кіреді.

5.7.Техникалық ерекшелік жалға алушыға қойылатын міндетті талап болып табылады.

6. Жалға алудың техникалық ерекшелігі мен өзге де шарттары, объектінің мақсатына байланысты болжанатын инвестицияларды, объектінің бөлінетін және бөлінбейтін жақсартуларын жүргізу жөніндегі жұмыстарды және т.б. (мысалы: жұмыс кестесі, өнімнің ең аз ассортименті және т. б.) қамтитын жоба (қажет болған жағдайда).

6.1. Техникалық ерекшеліктерде көрсетілген және одан әрі орындау үшін міндетті болып табылады. (Хабарландыруға 1-қосымша.)

7. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі

7.1. Конкурсқа қатысуға өтінімі бар мөрленген конверттің беткі жағында потенциалды жалға алушы көрсетуі тиіс мәліметтер:

1) потенциалды жалға алушының толық атауы және почта мекенжайы;

2) осы хабарландыруда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін ұйымдастырушының толық атауы мен почта мекенжайы;

3) потенциалды жалға алушы өтінім беріп отырған конкурстың толық атауы.

Конкурсқа қатысуға өтінім потенциалды жалға алушының хабарландыруда белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес "Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" КЕАҚ ғимараттарында асхана және буфетке арналған орын-жайларды жалға алу конкурсына қатысуға келісім білдіру нысаны болып табылады.

7.2. Конкурсқа қатысуға өтінімде төмендегідей мәліметтер болуы тиіс:

1) потенциалды жалға алушының атауы, заңды мекенжайы (заңды тұлғалар үшін), жеке куәлігінің (паспортының) нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін), банктік деректемелері;

2) жалға алу үшін болжанатын объектінің атауы, орналасқан жері, алаңы;

3) жалдау мақсаты;

4) ұсынып отырған жалға алу ақысы (тұрғын емес үй-жайды жалға берудің бекітілген құнынан және объектіні пайдаланғаны үшін төлемнен төмен болмайды);

5) техникалық ерекшелікті, ингридиенттерді ескере отырып тағамдардың калькуляциясын және болжамды инвестицияларды, жобаны, объектінің бөлінетін және бөлінбейтін жақсартуларын жүргізу бойынша жұмыстарды және т. б. қамтитын басқа да ұсыныстарды қамтиды;

Потенциалды жалға алушы конкурсқа қатысуға өтінімді жазбаша түрде, бірінші басшы, не уәкілетті адам қол қойып, мөрмен (бар болса) бекітіп, желімделген конвертте хабарландыруда көрсетілген өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін ұсынады.

8. Жалға берушінің жауапты адамының байланыс деректері

8.1. Қосымша ақпараттар мен анықтамаларды мына мекенжай бойынша алуға болады: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А, каб. 112, байланыс телефоны: 8(728)-22-00-66.

9. Басқа ақпараттар

9.1. Комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей конкурс өткізу қорытындылары туралы ақпаратты ZHETYSU.EDU.KZ интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурстық құжаттамаға қосымшалар:

1. Конкурс өткізу туралы хабарландыру;
2. Жалға алу шартының жобасы;
3. Конкурсқа қатысуға өтінім.
4. Жұмыс кестесі

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
қызметкерлері мен студенттерінің тамақтану пунктін ұйымдастыру»
бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруға
1-қосымша

Техникалық ерекшелігі
Атауы: "Студенттер үйінде" «Сапалы тамақтану пункттерін ұйымдастыру» бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

№	Жалға алу мекемесінің атауы	Өлшем бірлік	ауданы	Жалға алу мерзімі	Айлық сомма	Орналасқан жері
1	"Студенттер үйі" (асхана)	$м^2$	139,26	1 жыл	41 299,18 теңге	Алматы облысы, Талдықорған қ., Каратальская көшесі, 1А

2. Потенциалды жалға алушыға қойылатын техникалық және сапалық талаптар:
2.1. Потенциалды жалға алушылар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №186 бұйрығымен бекітілген «қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алуға және сақтауға тиіс.
2.2. Потенциалды Жалға алушы тараптардың келісімі бойынша шартты ұзарту мүмкіндігімен қызметті күнтізбелік 350 күн мерзімге жүзеге асыруға Жалға беруші алдында міндеттеме алады.

№	Жалға алушыға қойылатын талаптардың сипаттамасы, техникалық ерекшелігі
1	Асхананың жұмыс уақыты: жұмыс кестесіне сәйкес (Жалға берушінің келісімі бойынша кестені өзгертуге болады).
2	Тағам түрлерінің (санының) көп болуы. Потенциалды жалға алушы міндетті түрде тағамдардың диеталық кешенін қамтамасыз етуі керек. Бағасы мен салмағы грамммен (дайын тағамдардың шығымы) көрсетілген ас мәзірін (ұсынылатын тағамдар мен сусындардың тізімі) ұсынады. Ас мәзірі 2 тілде (қазақ, орыс) жазылуы тиіс.
3	Тағам түрлерінің граммдық өлшемі: 1) сорпалар – кемінде 250 гр. 2) Ыстық (негізгі) тамақ – кемінде 200 гр. 3) салаттар – кемінде 150 гр. 4) Десерт – кемінде 100 гр. 5) бір рет қолданылатын қаптамадағы шай түрлері.
4	Тиісті және ыңғайлы контейнерде тамақ пен сусындарды "өзіңізбен бірге алып жүру" мүмкіндігін қамтамасыз ету.
5	Штатта қоғамдық тамақтану саласында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар, кем дегенде 1 аспаздың болуы міндетті. Потенциалды Жалға алушы Жалға берушінің тиісті өкіліне барлық персоналға медициналық кітапшалардың көшірмелерін ұсынуы тиіс.

6	Қызметкерлердің бірыңғай стильдегі, таза және үтіктелген формасы, қызмет көрсететін персоналдың аты жазылған бейдждері болуы тиіс. Қызметкерлер этикет нормаларын сақтай алатын, сыпайы болуы және қызмет көрсетуші персоналдың қазақ тілін білуі міндетті.
7	Жалға алынған орында ылғалды тазалау күніне кемінде 2 рет жүргізілуі тиіс, сондай-ақ қажет болған жағдайда тазалықты сақтау керек.
8	Жалдау ақысының құнына коммуналдық қызметтер кірмейді. Коммуналдық қызметтер есептеу құралдарының (ыстық/суық су, электр энергиясы) көрсеткіштеріне сәйкес потенциалды жалға алушымен бөлек төленеді.
9	POS төлем терминалдарының міндетті түрде болуы.
10	Жалға алушы конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде ұсынылған жалдау мерзімі ішінде бағаны көтермеуге міндеттенеді.
11	Жалға алу мерзімі кезеңінде Жалға алушы қызметін тоқтатпауға міндеттенеді.
12	Жалға алынатын үй-жайды ресімдеу, қайта жарақтандыру, қайта жоспарлау жалға берушінің келісімі бойынша қатаң түрде әлеуетті жалға алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
13	Жалдаушының тіркелген жері Алматы облысы, Талдықорған қаласы.
14	Ыдыс-аяқтың болуы: А) тәрелкелер, көже ыдыстар – фарфор және / немесе керамика;) бокалдар, тостағандар - фарфор және / немесе керамика; В) ас құралдары-тот баспайтын болат; Г) стақандар – шыны және/немесе керамика; поднос тақтайшалар – пластик және/немесе металл.
15	Залды дайындау (дастарханның, қағаз майлықтардың, дәмдеуіштерге арналған жиынтықтың (қара бұрыш, қызыл бұрыш, тұз), рафинатталған қант).
16	Әлеуметтік блок. (Қайырымдылық (балалар үйінен шыққан студенттерді тегін тамақпен қамтамасыз ету, Жалға берушінің келісімі бойынша Университет студенттерін ішінара жұмысқа орналастыру).